

және одан жоғары, шығармашылық емтихандар балдары әрқайсысынан 40 және одан жоғары болған талапкерлерге;

3. Білім беру гранты орта білім туралы аттестатындағы балдары жоғары және білім, ғылым, өнер және спорт саласында жетістіктерге жеткен талапкерлерге (комиссияның арнайы шешімі негізінде);

4. Білім беру гранты білім, ғылым, өнер мен спорт саласындағы Халықаралық, Республикалық деңгейдегі және министрліктер қабылдаған ресми байқаулар, ғылыми жобалар және Республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған талапкерлерге (растайтын құжаттары болған жағдайда);

5. Институттың білім беру бағдарламаларының академиялық топтарына қабылданатын талапкерлердің ҰБТ сертификаты балдарының көрсеткіші жоғары талапкерлерге білім беру гранты конкурстық негізде тағайындалады;

- білім беру грантына үміткерлер грант бөлу конкурсына қатысу үшін құжаттары мен арнайы толырылған өтініштерін қабылдау комиссиясына ағымдағы жылдың 20-тамызына дейін тапсыруы қажет;

- ҰБТ сертификаты балдарының көрсеткіші бірдей болған жағдайда білім беру грантын тағайындауда мына жағдайлар ескеріледі:

- аттестаттардың орта балының жоғары болуы;

- талапкердің әлеуметтік жағдайы (ата-анасынан айрылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасы, көп балалы отбасы, денсаулығы жағдайы және т.б.);

- Халықаралық және республикалық байқаулар мен жарыстардың жеңімпазы немесе жүлдегері болуы.

6. «ХТІИ-дың 100 гранты» білім беру грантынан босаған орындарға (студенттің мемлекеттік грантқа ауысуы, басқа оқу орнына ауысуы, оқудан шығуы және т.б.) білім, ғылым, өнер және спорт салаларында талантымен ерекшелене білген жоғары курс студенттері тағайындала алады.

7. Білім беру гранты жыл сайын ішкі конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша тағайындалады.

8. «ХТІИ-дың 100 гранты» білім беру грантын тағайындау комиссиясының отырысы жылына 1 рет өткізіледі.

Ескерту: білім беру грантын тағайындауға байланысты арнайы құрылған комиссия оқу жылы барысында Ереже талаптарына сәйкес қосымша отырысын өткізуге құқылы.

9. Құжат қабылдау мерзімінен кешіктірілген құжаттар комиссия отырысында қарастырылмайды.

10. «ХТІИ-дың 100 гранты» білім беру гранты иегерлеріне стипендия тағайындалмайды.

11. Білім беру гранты «ХТІИ-дың 100 гранты» білім беру грантын тағайындау туралы» комиссиясының шешімі негізінде институттың қабылдау комиссиясының ұсынысы бойынша тағайындалады.

Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

2. «ХТИИ-дың 100 гранты» білім беру грантын тоқтату немесе қайта тағайындау туралы

1. Білім беру гранты студент басқа ЖОО-ға ауысқан немесе оқудан шыққан жағдайда тоқтатылады және студент оқыған жылдарда алған сомасын институтқа қайтаруға міндетті.

2. Білім беру гранты иегерлерінің үлгерімі ағымдағы жылдың емтихан қорытындысы бойынша GPA 2,33 балдан төмен болғанда және білім, ғылым, спорт пен өнер саласында әр оқу жылының соңында жетістіктер көрсете алмаған жағдайда білім беру грантын барлық көрсеткіштері жоғары басқа студентке комиссияның шешімі негізінде қайта тағайындауға болады.

3. Шығармашылық білім беру бағдарламалары тобы бойынша аталған конкурсқа қатысатын талапкерлердің ҰБТ сертификаты тек 2 пәннен (Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы) болуы міндетті.

Ғылыми Кеңестің №10 мәжілісінде (24.05.2023 ж.) қаралып, талқыланды.